



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

03.07.2025 жыл

№ 6, 12-т.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру (мотивациялау) және жастарды кәсіподаққа тарту жөніндегі кешенді бағдарламасын бекіту туралы.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Атқару комитетінің 2025 жылғы 25 ақпандағы №4 қаулысының 3-тармағын орындау мақсатында Кәсіподақтың Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру (мотивациялау) және жастарды кәсіподаққа тарту жөніндегі кешенді бағдарламасы (қоса тіркелді) бекітілсін.

2. Кәсіподаққа мүше ұйымдардың басшылық органдарына кәсіподақ құрылымдарының барлық сайланбалы және жалдамалы қызметкерлерімен бірге Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру (мотивациялау) және жастарды кәсіподаққа тарту жөніндегі кешенді бағдарламасын зерделеу ұйымдастырылсын және оның іске асырылуы қамтамасыз етілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға

А. Мұқашева